

БЕКІТЕМІН:
ЖШС «Бану-Түркеш» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Б.С. Умирзакова



Тәрбиелеу білім беру процесі
2024-2025 оқу жылы
Орта топ
Қараша

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ортаңғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Қараша	Дене шынықтыру	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Бестемше, Тас қала, Қыз қуу, Асық ату, Шаңырақ, Теңге алу, Бес тас, Шертпе тас, Тоғыз құмалақ т.б.) «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында 2- апта) «Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында 3-апта) Негізгі қимылдар: Әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру. Тепе - теңдікті сақтау. Тура жолмен жүру. Жүгіру. Сапта бір-бірден,	Әр түрлі бағытта жүгіреді. Жүруде тепе-теңдікті сақтайды. Бір-бірден сапта өз орнын табады. Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектей алады.

	Домалату, лақтыру, қағып алу. Оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру. Еңбектеу, өрмелеу. Еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу. Секіру. Құрсаудан құрсауға секіру.	
Сөйлеуді дамыту	«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (ұ) дыбысын анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау. Сөздік қор: Заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді үстінде, астында, тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Шығармаларды тыңдағаннан, алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.	Дауысты(ұ) дыбысын анық айтады. Зат есімдерді үстінде, астында, тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады. Естігені, көргені, туралы айтады.
Қазақ тілі	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру Ел боламын десең, бесігіңді түзе, Еңбек еткен — мұратқа жеткен, Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас. Дос – ажарың, жолдас – базарың. Тілдік дамытушы орта Бірлескен әрекеттері туралы келісуге жағдай жасау Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті	Бір-бірімен әрекеттері туралы келіседі. Есту қабілеттері дамыған. Тұрмыстық атаулардың атауларын дұрыс атайды. Бар, кел, айт сөздерін қолданады. Сөйлеу үлгілерін сақтап әңгімелесе алады.

	Есту қабілеттерін дамыту Сөздік қор Тұрмыстық заттардың атауларын дұрыс атату Тілдің грамматикалық құрылымы Бұйрық райлы етістіктерді қолдануға баулу (бар,кел,айт) Байланыстырып сөйлеу Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу	
Көркем әдебиет	«Балалар кітапханасы»-жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.	Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді;
Математика негіздері	Қаржылық сауаттылық математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту.Заттарды зерттеу барысында олардың пішін көлемін көзбен өлшеу қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, (ойындар: Теңге алу, Айырмашылығын тап, Банкомат, Тенге бинго, Ақша жұмсап үйренеміз, Әмиян, Дүкен т.б. Сан: Көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру Шама: Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) Геометриялық фигуралар.	біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді; Заттарды салыстыруда Шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы,ені,биіктігі,жалпы шамасы бойынша біледі. Геометриялық фигура: дөңгелекті біледі. Үстінде-астында айта алады. Уақытты бағдарлай біледі.

	Балаларды геометриялық фигурамен: дөңгелекпен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау. Үстінде-астында Уақытты бағдарлау: таңертең	
Қоршаған ортамен таныстыру	«Үнемді тұтыну», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Еңбегі адал жас өрен: үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.	Көлік құралдарын атайды; жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі;
Құрастыру	Құрылыс материалдарын құрастыру. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді.
Сурет салу	Бояулар сыры- топ аралық байқау Қазақ ою-өрнектерінің түрлері ("түйетабан", "құсқанаты") туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра	Тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады;

		білуін дамыту. Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.	
	Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндейді;
	Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау).	Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады;
	Музыка	«Күй күмбірі», балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. Өртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді;